«Эмитенттің облигациялары бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде «Алматытемір» АҚ мүлігі осы Проспектінің №2 Қосымшасында келтірілген тізімге сәйкес мүлік (ары қарай – Қамтамасыз ету) жұмыс жасайды. Ұсынылатын мүліктің нарықтық құны «MARKET-Консалтинг» ЖШС бағаланды және жиынтықта 645 431 470 (алты жүз қырық бес миллион төрт жүз отыз бір мың төрт жүз жетпіс) теңгені құрады, №350-ОНК, №351-ОДК, №352-ОНК № 3-ОНК, № 4-ОНК и № 5-ОНК Шарттар бойынша жылжымайтын және жылжымалы мүлікті бағалау туралы есептерге сәйкес. Кепілге тапсыру үшін ұсынылатын, жоғарыда көрсетілген мүлік үшінші тұлғалардың ауыртпалығында жоқ, яғни мүліктік жалдауға тапсырылмаған, қамауда емес, кепіл шарты бойынша қамтамасыз етуге тапсырылған жоқ. Кепіл шарты (-тары) Эмитент және облигациялар ұстаушылары арасында жасалды, олардың атынан және тапсырысы бойынша облигацияларды ұстаушыларының мүдделерінде жұмыс жасайтын Өкіл жұмыс жасайды. Облигациялардың ұстаушылары өздерінің құқықтарын Өкіл арқылы жүзеге асырады. Эмитент кепіл нысаны бойынша деректерді дайындау үшін жауапты, өзгерістер мен толықтауларды қосу, және оларды кепіл құрамына қосуды қоса отырып. Эмитент Қамтамасыз етудің нарықтық бағасын облигациялардың айналымының барлық мерзімі кезінде облигациялардың атаулы құнынан 100% (жүз пайыздан) төмен емес деңгейде ұстап тұруға міндеттеледі, капитализацияланған (негізгі қарыздың сомасына қосылатын) купонды сыйақыландыруды ескере отырып. Эмитент жыл сайын облигациялар ұстаушысының Өкіліне кепілдің құрамы мен құны туралы ақпаратты ұсынады. Эмитент облигациялардың қамтамасыз етуі қызметін атқаратын кепілге берілген мүліктің жағдайын қадағалайды, бағалаушы компаниямен (ары қарай - Бағалаушы) келісімге қол қояды, ол Бағалаушымен кепілге қойылған мүліктің құнын бағалауды жүзеге асырудың жыл сайындық тәртібін қарастырады. Эмитент Бағалаушыны кепілді бағалауды жүзеге асыру үшін, қажетті барлық құжаттармен қамтамасыз етуге міндетті. Кепіл Қазақстан Республикасының заңнамасымен орнатылған тәртіпті міндетті мемлекеттік тіркеуден өтуі тиіс, және қайта кепілге қойылмайды. Кепіл құқығы оның мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап пайда болады.

Кепілдің мемлекеттік тіркеуімен байланысты шығындар Эмитентке жүктеледі. Кепілге қойылған мүлік Эмитенттің облигацияларды, купондық төлемдерді есептелген сыйақыландыруды, тұрақсыздық айыбын, облигациялар ұстаушылары Өкілдерінің шығындарын толық өтеуі бойынша міндеттерін және кепілге қойылған мүлікті талап ету және сатумен байланысты басқа да шығындарды орындауды қамтамасыз етеді. Эмитент дефолт болған жағдайда, кепіл бойынша талап ету өтініші соттан тыс немесе соттық тәртіпте жүзеге асырылады.

2. Анықтаманың 38 тармағының 5-6 тармақшасы келесі редакцияда өзгертілсін және жазылсын:

Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуін төлеп алудың тәртібі, шарттары мен сатудың мерзімдері

«Алматытемір» АҚ Директорлар кеңесі шешімінің негізінде Эмитент облигацияларды ішінара немесе толығымен сатып алуға құқылы. Облигациялардың барлық ұстаушылары Эмитентпен ақпаратты Эмитенттің ресми сайтында (www.almatytemir.kz), Биржаның ресми сайтында (www.kase.kz), Қаржы есептілігінің депозитарийі сайтында (www.dfo.kz) Эмитенттің ішкі корпоративтік ережелерімен, «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарымен, Қаржы есептілігі депозитарийінің ғаламтор ресурсында ақпараттарды орналастырудың тәртібін

реттейтін нормативтік-құқықтық актісімен белгіленген тәртіппен орналастыру арқылы Директорлар кеңесінің осындай шешімді қабылдаған күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде облигацияларды сатып алу жөніндегі Директорлар кеңесінің қабылданған шешімі туралы хабарландырылатын болады. Егер облигацияларды ұстаушылардың саны он ұстаушыдан аспаса, хабарлама сатып алынатын облигацияларды көрсете отырып жазбаша хабарламаны оларға жіберу арқылы ұстаушылардың назарына жеткізілуі тиіс.

Эмитентпен орналастырылған облигацияларды сатып алу облигацияларды сатып алудың мерзімдері мен тәртібі туралы Эмитенттің Директорлар кеңесінің тиісті шешімі жарияланғаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде жүзеге асырылады. Орналастырылған облигациялар туралы ақпарат (сатып алынғандарын есептемегенде) Эмитентпен «Қазақстан қор биржасы» АҚ ережелеріне сәйкес «Қазақстан қор биржасы» АҚ ғаламтор ресурсында жарияланады.

Облигацияларды ұстаушы облигацияларды саты алу туралы Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімдерін жариялаған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннің ішінде облигацияларды ұстаушыға тиесілі облигацияларды сатып алу туралы Эмитенттің орналасқан орнының мекенжайы бойынша жазбаша өтінішті жіберуге құқылы. Облигацияларды ұстаушының өтініші өтінішті алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннің ішінде Эмитенттің Директорлар кеңесімен қарастырылады.

Облигацияларды сатып алу кезінде сатып алынатын облигациялардың саны сатып алу күніне шығарылған облигациялардың жалпы көлемінде облигациялардың әр ұстаушысының үлесімен сәйкес облигацияларды ұстаушылардың арасында бөлінеді.».

Облигацияларды толық немесе жартылай сатып алу пропорционалды түрде теңгемен облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақша аудару арқылы жүргізіледі. Орналастырылған облигациялардың бөлігін немесе барлық саны сатып алу үшін облигацияларды ұстаушыларының тізілімі нақты сатып алу күніне дейін бір жұмыс күні бұрын тіркеледі.

Барлық орналастырылған облигацияларды сатып алу, сонымен қатар облигацияларды жартылай сатып алу, келесі тәртіпте жүргізіледі:

- Барлық облигациялар бойынша сатып алу күнінде есептелген купондық сыйақыландырудың капитализацияландырылмаған (атаулы құнына қосылмайтын) бөлігін төлеу;
- Барлық облигациялар бойынша сатып алу күнінде есептелген купондық сыйақыландырудың капитализацияландырылған (атаулы құнына қосылатын) бөлігін төлеу;
- Сатып алу күніне облигацияларды атаулы құны бойынша сатып алу.

Сатып алу кезінде есептелген купондық сыйақыландыруды есептеу облигациялар айналымының нақты кезеңі бойынша соңғы купондық сыйақыландыруды төлеу сәтінен бастап Эмитент облигацияларды ұстаушылармен оларды сатып алу кезінде есептеу күніне дейін жүзеге асырылады.

Сатып алу кезінде сатып алынатын облигациялардың саны келесі формула бойынша есептеледі:

Облигацияларды сатып алуға жіберілетін сомa\ (Бір орналастырылған облигацияның атаулы құны + Капитализацияланған бөліктің сомасы (атаулы құнына қосылатын) бір орналастырылған облигацияға есеппен есептелген купондық сыйақыландыру . Бір орналастырылған облигацияны есептей отырып есептелген купондық сыйақыландырудың капитализацияланбаған бөлігінің сомасы Эмитенттің меншікті қаражаты есебінен төленеді.

Облигацияларды сатып алу кезінде сатып алынатын облигациялардың саны облигацияларды ұстаушыларының арасында сатып алу күнінде шығарылған облигациялардың жалпы көлемінде әр облигациялардың ұстаушысының үлесіне сәйкес таратылады».

3. Анықтаманың 38 тармағының 7 тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

- Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт 10 жұмыс күнінің ішінде облигациялар бойынша купондық сыйақыны және/немесе негізгі қарызды төлемеген немесе толық төлемеген кезінде осы ережемен белгіленген сыйақыларды (купонды) және негізгі қарызды төлеудің мерзімі аяқталған күннен кейінгі келесі күннен бастап орын алады.

- «АТФ Банк» АҚ алдындағы міндеттемелер бойынша, оның ішінде, 23.05.2007 жылғы №МК425-2007 банк қарызының шектелмелі келісімі мен жоғарыда аталған шектелмелі келісімнің аясында жасалған келесі шарттар бойынша Эмитенттің дефолтқа жол беруі:

- 23.05.2007 жылғы №МК425-2007/1 банк қарызының жеке шарты.

- 01.02.2011 жылғы №МК425-2007/2 банк қарызының жеке шарты.

- 01.02.2011 жылғы №МК425-2007/3 банк қарызының жеке шарты.

сонымен қатар, соның салдарынан «АТФ Банк» АҚ алдында Эмитенттің несие міндеттемелері туындайтын, банк қарызының қайта жасалған шарттары мен басқа да шарттары (құжаттамалық операцияларды жүргізуге, банк кепілдіктерін және басқа да банк қызметтерін ұсынуға) бойынша.

- Осы Анықтаманың 40-1 тармағында атап өтілген шектеулердің кез-келгенін Эмитенттің бұзуы дефолттың орын алуы болып табылады, ондай жағдай орын алған кезде, облигациялардың ұстаушылары есептелген купондық сыйақының төлемімен облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуін төлеп алуды талап етуге құқылы болады.

- Осы анықтаманың 38 т. 5-2 тармақшасында көрсетілген облигацияларды қамтамасыз етуге ұсынылатын мүліктің кепіл шартын рәсімдеу мен тіркеудің мерзімдерінің бұзылуы.

- Осы Анықтаманың 38 тармағының 5-2 тармақшасында жазылған, 2018 жылғы 03 қазандағы облигацияларды ұстаушылардың Жалпы жиналысының отырысында бекітілген кепілдік мүлікті сатудың шарттары бұзылған кезде, облигацияларды ұстаушылар Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялауға және есептелген купондық сыйақыны төлей отырып барлық орналастырылған облигациялардың мерзімінен бұрын өтеуін төлеп алуды талап етуге құқылы. Және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрекет ету».

- «Осы Анықтаманың 38 тармағының 5-2 тармақшасында жазылған, 2019 жылғы 13 наурыздағы облигацияларды ұстаушылардың Жалпы жиналысының отырысында бекітілген кепілдік мүлікті сатудың шарттары бұзылған кезде, облигацияларды ұстаушылар Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялауға және есептелген купондық сыйақыны төлей отырып барлық орналастырылған облигациялардың мерзімінен бұрын өтеуін төлеп алуды талап етуге құқылы. Және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрекет ету».

- Қазақстан Республикасының заңнамасымен, оның ішінде ҚР «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңының 15 б. 2т. белгіленген басқа шарттар мен талаптарының бұзылуы.

Облигациялар бойынша дефолт жағдайында эмитенттің қандай шаралар қолданатыны, облигациялар бойынша сыйақылар төлеу жөніндегі міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигациялар ұстаушылардың құқығын қорғау рәсімі, оның ішінде міндеттемелердің қайта құрылымдау тәртібі мен талаптары көрсетіледі:

Облигациялар бойынша дефолтты жариялау үшін негіз болып табылатын жағдайлар орын алған кезде, эмитент дефолтты тудырған себептерді жою және облигацияларды

ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық күші мен қажетті жағдайларын салады.

Эмитенттің кінәсі бойынша купондық сыйақыны және/немесе оларды өтеу кезінде облигациялардың номиналды құнын төлемеген, сонымен қатар, толық төлемеген кезде эмитент ақшалай міндеттемелерді немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесіне байланысты есептелетін мерзімінен өткізілген әр күні үшін өсімпұл төлеуге міндеттеледі.

Қажетіне қарай, облигациялар бойынша міндеттемелердің қайта құрылуының тәртібі мен шарттары облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысында және Эмитенттің уәкілетті органының отырысында анықталатын болады, олар дефолттан тиімді шығуды анықтау мақсатында, ҚР «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңымен және Эмитенттің ішкі құжаттарымен белгіленген рәсімдерін сақтай отырып, дефолт туындаған күннен бастап 15 күнтізбелік күннен кешіктірілмей жүргізілетін болады, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындаудың тиісті көлемдері мен мерзімдерін көрсете отырып, облигацияларды ұстаушылардың алдында өзінің міндеттемелерін орындау жөніндегі іс-шаралардың жоспары әзірленді.

Дефолт орын алған кезіндегі облигацияларды ұстаушылардың және Эмитенттің әрекеттерінің тәртібі:

Эмитент дефолт орын алған кезінде Эмитенттің (www.almatytemir.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және Қаржы есептілігі депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми сайттарында хабарламаны орналастыру арқылы немесе облигацияларды ұстаушылардың саны оннан аз болған кезде жазбаша хабарландыра отырып, облигациялар бойынша дефолттың пайда болуының себебін; орындалмаған міндеттемелердің көлемін толық сипаттай отырып және Эмитентке талап қою арқылы өтініш білдірудің тәртібі мен өзінің талаптарын қанағаттандыру бойынша Эмитенттің облигацияларды ұстаушылардың әрекеттерінің тізімін көрсете отырып, облигациялар бойынша міндеттемелерді орындаудың Анықтамамен белгіленген күніне дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде, дефолттың орын алу фактісі туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізуге міндетті.

Дефолт орын алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннің ішінде Қоғамның Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу туралы шешімді қабылдайды, ол ақпаратты Эмитенттің (www.almatytemir.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және Қаржы есептілігі депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми сайттарында жариялау арқылы оны қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізіледі.

Облигацияларды сатып алу және/немесе облигациялар бойынша талаптардың құқықтарын сатып алу облигацияларды сатып алудың мерзімі мен тәртібі туралы тиісті шешімді Қоғамның Директорлар кеңесінің қабылдаған күнінен бастап 40 (қырық) күнтізбелік күннің ішінде Эмитентпен жүзеге асырылады.

Облигацияларды ұстаушы Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін жариялаған күннен бастап немесе осы факт туралы, облигацияларды сатып алу және/немесе облигациялар бойынша талаптардың құқықтарын сатып алу туралы хабарламаны алған кезде 10 (он) күнтізбелік күннің ішінде Эмитенттің орналасқан орнының мекенжайы бойынша облигацияларды сатып алу және/немесе облигацияларды ұстаушыға тиесілі және/немесе облигациялар бойынша талаптардың құқықтарын ұстаушының облигациялар бойынша талаптарының құқықтарын сатып алу туралы жазбаша өтінішті жіберуге құқылы.

Облигацияларды ұстаушының және/немесе облигациялар бойынша талаптардың құқықтарын ұстаушының өтініші өтінішті алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннің ішінде Қоғамның Директорлар кеңесімен қарастырылады.

4. Проспектінің 40-1 Тармағы өзгертілсін және келесі редакцияда жариялансын:

«Шектеулер (ковенант) ретінде төмендегі оқиғалар мен шарттар анықталады, олар орын алған кезде немесе олар бұзылған жағдайда эмитент облигациялары бойынша

дефолт жариялануы мүмкін және қандай жағдайларда облигациялардың ұстаушылары облигацияларды мерзіміне дейін өтеуді талап етуге құқылы:

- ✓ Инвестицияларды кез келген түрде жүзеге асыру, заңды тұлғалардағы үлесті\үлестерді сатып алу және\немесе тараптын және аффилирленген заңды тұлғаларды кез келген түрде қаржыландыру (қаржылық көмек, займдар және т.б.) облигациялар ұстаушыларының жазбаша келісімісіз - 50 000 000 (елу миллион) теңге және одан көп сомаға;
- ✓ Эмитенттің ай сайындық негізде облигациялардың ұстаушыларына басқарушылық қаржылық есепті жіберу міндеттемесін орнататын шартты бұзу.
- ✓ Кез келген түрде қаржыландыруды тарту (несиелер, займдар, қаржылық аспаптар) және басқа сипаттағы қаржылық міндеттемелерді қабылдау (кепілдіктер және мүлікті ұсыну, үшінші тұлғалардың міндеттемелерін қамтамасыз ету және басқасы), облигациялар ұстаушыларының алдын ала жазбаша келісімісіз - 50 000 000 (елу миллион) теңге және одан көп сомаға;
- ✓ Жарияланған, бірақ орналастырылмаған облигацияларды барлық облигациялардың ұстаушыларының жазбаша келісімісіз орналастыру (немесе Облигациялар ұстаушыларының Жалпы жиналысының шешімі, егер облигациялардың ұстаушылары 10 (оннан) көп болса).
- ✓ Эмитенттің Эмитент Директорлар кеңесінің құрамына облигациялар ұстаушыларының мүдделерін ұсынатын оның құзырлықтары облигациялар бойынша міндеттемелерді толық орындау шарты кезінде және\немесе облигациялардың барлық ұстаушыларының жазбаша келісімін алған кезде ғана бұзылатын бір мүшесін енгізу (сайлау) сөзсіз міндеттемесін бұзу (немесе Облигациялар ұстаушыларының Жалпы жиналысының шешімі, егер облигацияларды ұстаушылар 10 (оннан) көп болса)).
- ✓ Эмитенттің облигациялар бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету ретінде эмитенттің «АТФ Банк» АҚ алдында міндеттемелерін қамтамасыз етуге рәсімделген кепілге берілген мүлікті рәсімдеу міндеттемесін бұзу, оның ішінде 23.05.2007ж. №МК425-2007 Банктік займның Шекті келісім бойынша, келесі шарттарға сәйкес:
 - 14.08.2007 ж. №ZNUMK406-2006 Кепіл туралы шарт
 - 24.08.2007 ж. №ZNUMK406-2006/A Кепіл туралы шарт
 - 24.08.2007 ж. №ZNUMK406-2006/B Кепіл туралы шарт
 - 24.08.2007 ж. №ZNUMK406-2006/C Кепіл туралы шарт
 - 28.04.2009 ж. №ZFPMK152-2009 Кепіл туралы шарт
 - 28.04.2009 ж. №ZFPMK152-2009 Кепіл туралы келісім«АТФ Банк» АҚ алдындағы міндеттемелерді өтеуден кейін – «АТФ Банк» АҚ кепілдік қамтамасыз етуді босату сәтінен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен кеш емес.

Шектеулерді бұзу кезінде (ковенант) облигацияларды ұстаушылар мен эмитенттердің әрекеттерінің тәртібі, оның ішінде, облигацияларды мерзімінен ерте өтеу бойынша Эмитенттің әрекеттері:

Эмитент бұзушылық басталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде облигацияларды ұстаушылардың назарына бұзушылықтардың пайда болуының себептерін, ақпаратты Биржаның ресми сайтында (www.kase.kz) және Қаржы есептілігі депозитарийінің (www.dfo.kz) сайтында ақпаратты орналастыру арқылы осы бұзушылықты жоюдың мерзімін толық сипаттай отырып осы бұзушылықтар туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізеді. Егер облигацияларды ұстаушылардың саны он

ұстаушыдан аспаса, жазбаша хабарламаны оларға жіберу арқылы ұстаушылардың назарына жеткізілуі тиіс.

- Облигацияны ұстаушылар облигацияны ұстаушылардың өкілі мен Эмитенттің арасында жасалған кепіл шартына сәйкес әрекет ете отырып, осы Анықтамамен белгіленген тәртіппен, осы Анықтаманың №2 қосымшасындағы тізбеге сай, облигациялар бойынша Эмитенттің міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде ұсынылған Эмитенттің мүлігіне өтеу салуға құқылы.
- Сонымен қатар, Эмитенттің облигацияларын ұстаушылар кепілдік мүлкін сатудан бас тарту кезінде «Қазақстан қор биржасы» АҚ және Қаржы есептілігі депозитарийінің ресми сайттарында Эмитенттің ақпараттық хабарламаларды жариялағанынан кейінгі күннен соң 10 (он) күнтізбелік күннің ішінде жинақталған сыйақыны есепке ала отырып облигацияның номиналды тиісті құнына сәйкес бағамен, оларға тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтінішті беруге құқылы.

Эмитент өзінің орналасқан мекенжайы бойынша облигацияларды ұстаушыларға тиесілі облигацияларды сатып алу туралы, қосымша шектеулерді бұзу туралы (ковенант) ұстаушылардың хабарлаған күнінен бастап 10 (он) күнтізбелік күннің ішінде жазбаша өтініштерді қабылдайды. Облигацияларды ұстаушы барлық қажетті деректемелерін көрсете отырып еркін үлгіде өтініш беруі тиіс.

Облигацияларды ұстаушының өтініші өтінішті алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннің ішінде Қоғамның Директорлар кеңесімен қарастырылады. Орналастырылған облигацияларды сатып алу Эмитентпен Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүргізіледі. Қоғамның Директорлар кеңесі өтінішті алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннің ішінде шешім қабылдайды. Эмитент Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен, Қаржы есептілігі депозитарийінің ресми сайтында (www.dfo.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі талаптарымен белгіленген тәртіппен «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында (www.kase.kz) ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы облигацияларды сатып алу туралы Қоғамның Директорлар кеңесімен қабылданған шешім туралы облигацияларды ұстаушыларды ақпараттандырады.

Эмитент облигацияларды сатып алудың мерзімдері мен тәртібі туралы тиісті шешімдердің Қоғамның Директорлар кеңесімен қабылданған күнінен бастап 40 (қырық) күнтізбелік күннің ішінде тұлғалардан талаптардың құқықтарын және (немесе) облигациялардың сатып алынуын жүзеге асыруға міндетті.

5. Облигацияларды ішінара сатып алуға байланысты «Алматытемір» АҚ – ның облигацияларының бірінші шығарылым проспектісіне (KZ2C0Y17C783) № 1 Қосымша келесі түрде ұсынылады:

«Алматытемір» АҚ-ның
Облигацияларының (KZ2C0Y17C783)
бірінші шығарылым проспектісіне
Қосымша № 1

**ОБЛИГАЦИЯЛАР БОЙЫНША КУПОН МЕН НЕГІЗГІ ҚАРЫЗДЫ ТӨЛЕУ
КЕСТЕСІ (KZ2C0Y17C783) 2021 ЖЫЛҒЫ 14 ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ ЖАҒДАЙ
БОЙЫНША**

тенгемен

Дата выплаты	Сумма начисленного купона	Сумма выплачиваемого купона	Сумма капитализируемого купона	Погашение основного долга	Сумма основного долга с учетом капитализации
01.05.2011	17 000 000	-	17 000 000	-	517 000 000
01.11.2011	-	-	-	-	517 000 000
01.05.2012	41 360 000	5 170 000	36 190 000	-	553 190 000
01.11.2012	-	-	-	-	553 190 000
01.05.2013	44 255 200	11 063 800	33 191 400	-	586 381 400
01.11.2013	-	-	-	-	586 381 400
01.05.2014	46 664 832	18 575 896	28 088 936	24 271 526	590 198 810
01.11.2014	-	-	-	-	590 198 810
01.05.2015	47 215 905	23 594 000	23 594 000	13 290 000	600 373 016
01.11.2015	-	-	-	-	600 373 016
01.05.2016	48 029 841	48 029 841	-	-	600 373 016
01.11.2016	24 014 921	24 014 921	-	-	600 373 016
01.05.2017	24 014 921	24 014 921	-	-	600 373 016
01.11.2017	24 014 921	24 014 921	-	-	600 373 016
01.05.2018	24 014 921	24 014 921	-	-	600 373 016
01.11.2018	24 014 921	24 014 921	-	-	600 373 016
01.05.2019	24 014 921	25 648 254	-	262 500 000	337 873 016
01.11.2019	13 514 921	15 148 254	-	-	337 873 016
01.05.2020	13 514 921	13 514 921	-	33 787 302	304 085 714
01.11.2020	15 204 286	15 204 286	-	33 787 302	270 298 413
01.05.2021	13 514 921	14 962 775	-	93 017 682	177 280 731
01.11.2021	8 864 037	8 864 037	-	25 325 819	151 954 912
01.05.2022	7 597 746	7 597 746	-	25 325 819	126 629 094
01.11.2022	6 331 455	6 331 455	-	25 325 819	101 303 275
01.05.2023	5 065 164	5 065 164	-	25 325 819	75 977 456
01.11.2023	3 798 873	3 798 873	-	25 325 819	50 651 637
01.05.2024	2 532 582	2 532 582	-	25 325 819	25 325 819
01.11.2024	1 266 291	1 266 291	-	25 325 819	0
ИТОГО:	479 820 496	346 442 776	138 064 336	637 934 542	-

6. Облигацияларды ішінара сатып алуға байланысты «Алматытемір» АҚ – ның облигацияларының бірінші шығарылым проспектісіне (KZ2C0Y17C783) № 2 Қосымша келесі түрде ұсынылады:

**«Алматытемір» АҚ-ның
Облигацияларының (KZ2C0Y17C783)
бірінші шығарылым проспектісіне
Қосымша № 2**


**Облигациялар бойынша міндеттемелерді орындауға берілген
мүліктер тізімі**

1. Жылжымайтын мүлік-аумағы 0,8322 га болып табылатын жер теліміндегі «Алматытемір» АҚ жеке меншігіне кіретін ғимараттар мен құрылыс нысандары (кадастрлық нөмір:20-311-024-050, қолданылу мақсаты:өндіріс базасын эксплуатациялауға және қамтамасыз етуге арналған). Мекен-жайы: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Әуезов к-сі, 2 үй. Жылжымайтын мүлік «Алматытемір» АҚ-на тиесілі уақытша қайтарымды қолданыстағы жер телімінде орналасқан.
2. Жылжымайтын мүлік-аумағы 0,9816 га болып табылатын жер теліміндегі «Алматытемір» АҚ жеке меншігіне кіретін ғимараттар мен құрылыс нысандары (кадастрлық нөмір:20-311-024-049, қолданылу мақсаты: жер асты автотұрағымен бірге әкімшілік-өндірістік ғимараттарын салуға және эксплуатациялауға арналған). Мекен-жайы: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Әуезов к-сі, 2 Б үй. Жылжымайтын мүлік «Алматытемір» АҚ-на тиесілі уақытша қайтарымды қолданыстағы жер телімінде орналасқан.
3. Жылжымайтын мүлік (негізгі құралдар)-№ 8-ші ауыстыру жолағынан №100, 103, 104, 105, 106, 107, 108 ауыстыру жолағына дейінгі «Алматы-2» станциясына бағытталған теміржолға қатынайтын жол. 3350 метрге созылған аралық, 2002 ж. 18 наурыз айынан бастап №37/02 сату-сатып алу келісімшарты негізінде «Алматытемір» АҚ-ның жеке меншігіне тиесілі. Мекен-жайы: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Әуезов к-сі, 2 үй.

Осы өзгерістермен және толықтаулармен қозғалмаған Облигацияларды шығару проспектінің қалған ережелері өзгеріссіз қалады.

Президент

Бас бухгалтер



Қонысбекұлы С.

Адаева Ж.